

Орыс сыныптарына арналған қазақ тілі мен әдебиеті 8-сынып

Айтыстың түрлері



Сабақтың мақсаты: 8.3.1.1 - перифраз түрінде берілген сұрақ арқылы қажетті ақпаратты анықтау;

Сабақтың кезеңі/уақыт	Педагогтің әрекеті			Бағалау
Сабақтың басы	<p>1.Ой шақыру. Сұрақтарға жауап бер.</p> <p>-Айтыс дегеніміз не?</p> <p>- Айтыстың қандай түрлерін білесіңдер?</p> <p>-Қазіргі қандай айтыскер ақындарды білесіңдер?</p> <p>2.Жаңа сөздермен танысу. Сөздерді оқу, қайталау, сөз тіркесін құрастыру.</p> <div data-bbox="374 791 981 1148" data-label="Image"> <p>ЖАҢА СӨЗДЕР</p> <p>жұп, сынайды, тыңдарман, ойын-тойда, бөл, бөленеді, Тәңірі, қыз ұзату, қайғы-қасірет, ықылас-ілтипат</p> </div>			2 балл

жұп — пара
сынайды — критиковать; испытывать
сынға алу — подвергнуть критике
тыңдарман — слушатель
ойын-тойда — на праздниках, на мероприятиях
бөленеді — утопает в счастье, радости
Тәңірі — Бог, Всевышний □
□ қ□ыз 'зату — выдать (дочь) замуж,
проводы невесты из дома родителей
Ықылас-ілтипат-доброе отношение

2-тапсырма Айтыстың түрлерімен таныс. Айтыс туралы білетініңді айт. Сызбаны дәптерге жаз.

2 балл



Тыңдалым. Оқылым.

3-тапсырма 111 бет. Мәтінді түсініп оқы. Сөздікті пайдаланып, қою қаріппен жазылған сөздердің сөз табын (часть речи) анықта.

2 ұпай

Қазақтың ауыз әдебиетінде айтыстың бірнеше түрі бар (жоғарыда сызбада берілді). Айтыс түрлерінің өзіндік ерекшеліктер бар.

Бәдік айтысы — айтыстың көне түрі. Адам «Табиғаттағы барлық заттың **Тәңірі** бар» деп түсінген. Соларға құлшылық еткен.

Өлі мен тірінің айтысы адамның **қайғы-қасіретіне** құрылған. Онда жақын адамынан айырылған адамның ішкі сезімі суреттеледі. Бұл айтыс қазір айтылмайды.

Жануарлар мен адамның айтысында адамдардың тұрмысы-тіршілігі туралы айтылады. Онда адамды ерінбей еңбек етуге шақырады.

Адам табиғаттың сырын білгісі келеді. Өмірде бар ұсақ нәрселерді жұмбақ етеді. Жұмбақ айтысқа түсу үшін білімді болу керек. Сондықтан жұмбақпен айтысушылар өте аз болған.

Жар-жар айтысы **ұзату** тойында айтылады. Қыздар мен жігіттер екіге **бөлініп** айтысады. Жар-жар әуенмен айтылады. Ұзатылатын қызға жақсы тілек айтылады. Жар-жар қазір де айтылады.

Қыз бен жігіт айтысы тойда айтылады. Әлеуметтік мәселелер айтылмайды. Ақын болу міндетті емес. **Жүп** болып **ойын-тойда** айтады. Айтыста әзіл, күлкі көп болады. Айтыс тапқырлыққа құрылады.

Ақындар айтысының тақырыбы алуан түрлі. Мұнда халықтың тұрмыс-жағдайы, тарихы және т.б. әлеуметтік мәселелер айтылады. Ақындар қоғамдағы жағымсыз нәрселерді **сынайды**. Осылай **тыңдарманның ықылас-ілтпатына бөленеді**. Ақындар айтысы мазмұнымен ғана емес, көркемдігімен де жоғары болуы керек. Қазір қолданып жүрген нақылдар мен шешендік сөздер осы айтыста туған.

Сабақтың ортасы

Оқылым. Жазылым..112 бет

4-тапсырма Суреттерді қарап, айтыстың қай түріне сәйкес келетінін анықта.

1 балл



Сабақтың соңы

Оқылым. Жазылым.

5-тапсырма 112 бет Айтыс түрлерінің негізгі белгілерін анықтап, кестеге жаз.

Бәдік айтысы	Жануарлар мен адам айтысы	Жұмбақ айтысы	Өлі мен тірінің айтысы	Қыз бен жігіт айтысы	Ақындар айтысы

Айтыс түрлерінің негізгі белгілерін анықтап, кестеге жазады.

ҚБ:Қошемет арқылы бағалау



3 балл

Үйге тапсырма беру

Сөздерді жаттау, айтыс түрлерін білу.



Сау болыңыздар!